

	Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің Әдеп комиссиясы туралы Ереже	Нұсқа 2 2021 ж.
	КҚЭУ - Е - 05 - 2021	Стр 3 из 3

БЕКІТЕМІН

Қазтұтынуодағы Қарағанды
университетінің ректоры

э.ғ.д., профессор Е.Б.Аймағамбетов



«16» _____ 2021 ж.

Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің Әдеп комиссиясы туралы Ереже

Осы Ереже Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31.03.2011 жылғы бұйрығымен бекітілген диссертациялық Кеңес туралы Үлгілік ережеге (бұдан әрі – Үлгілік ереже) сәйкес әзірленді және Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің Әдеп комиссиясының (бұдан әрі – Әдеп комиссиясы) мәртебесін, өкілеттіктерін және қызметін ұйымдастыруды айқындайды.

1. Жалпы ережелер

1.1. Әдеп комиссиясы Қазтұтынуодағы ҚарУ ғалымдарының бірлескен қызметіне негізделген тәуелсіз консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

1.2. ӘК функциясы тиісті қорытынды бере отырып, зерттеу объектілерінің (тірі табиғат объектілері мен мекендеу ортасының) құқықтарын, қауіпсіздігі мен әл-аукатын қорғауды қоса алғанда, ғылыми зерттеулер нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесінде бұзушылықтардың болмауы/болуы тұрғысынан докторлық диссертацияларға, ғылыми мақалаларға/шолуларға, ғылыми жобаларға/зерттеулерге және басқа да ғылыми-зерттеу жұмыстарына талдау жүргізу болып табылады.

1.2. Әдеп комиссиясының қорытындысы:

- Үлгілік ережелер талаптарына сәйкес диссертация қорғау үшін Қазтұтынуодағы ҚарУ докторанттарына және докторантура түлектеріне;
- мақалаларды/шолуларды және басқа да ғылыми жұмыстарды жариялау кезінде (қажет болған кезде) халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдар редакциясына беру үшін университет ПОҚ және қызметкерлеріне қажет.

1.3. Әдеп комиссиясы төрағадан, төрағаның орынбасарынан, комиссия мүшелерінің 8 (сегіз) мүшесінен және хатшыдан тұрады. Университеттің ғылыми-зерттеу және интеграциялық қызмет жөніндегі проректоры Әдеп комиссиясының төрағасы болып табылады.

	Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің Әдеп комиссиясы туралы Ереже	Нұсқа 2 2021 ж.
	КҚЭУ - Е - 05 - 2021	Стр 3 из 3

1.4. Әдеп комиссиясының құрамына сондай-ақ Қазтұтынуодағы ҚарУ-нің ЭҚЗ ҒЗИ директоры мен қызметкерлері, докторантураның білім беру бағдарламаларын іске асыратын кафедралардың меңгерушілері, университет ғалымдары кіреді.

1.5. Әдеп комиссиясының төрағасын университет ректоры тағайындайды. Әдеп комиссиясының құрамы Әдеп комиссиясы төрағасының ұсынысы негізінде 1(бір) жылға университет ректорының бұйрығымен бекітіледі.

2. Әдеп комиссиясының Қорытындысын алу тәртібі

2.1. Әдеп комиссиясының қорытындысын алуды Қазтұтынуодағы ҚарУ-нің өтініш берушілері ерікті және өтеусіз негізде жүзеге асырады.

2.2. Әдеп нормаларына сәйкестік туралы Қорытындыны Әдеп комиссиясы диссертация (ғылыми мақала) авторының немесе ғылыми зерттеу/жоба жетекшісінің Әдеп комиссиясы төрағасының атына жазған жазбаша өтініші негізінде береді. Өтініш нысаны 1-қосымшада көрсетілген.

2.3. Әдеп комиссиясының қорытындысын алу үшін өтініш беруші PDF форматында келесідей құжаттар тапсыруы тиіс:

2.3.1. докторлық диссертацияны қарау үшін:

- нысан бойынша өтініш (1-қосымша);
- диссертация;
- ғылыми консультанттардың пікірі;
- қорғауға ұсыну туралы қаулымен докторанттың диссертациясын алдын ала талқылау бойынша докторант шығаратын кафедраның кеңейтілген отырысы хаттамасынан үзінді;
- көшіріп алуды анықтаудың университеттік лицензиялық жүйесін қолдана отырып, диссертацияны плагиатқа тексеру нәтижелері;
- әдеп нормаларын сақтауды бағалауға мүмкіндік беретін, диссертациялық жұмыс бойынша басқа да құжаттар (қажет болған кезде).

2.3.2. ғылыми жобаларды, мақалаларды, шолулар мен басқа да ғылыми жұмыстарды қарау үшін:

- нысан бойынша өтініш (1-қосымша);
- ғылыми жұмыс/ғылыми зерттеу;
- көшіріп алуды анықтайтын, университеттік лицензиялық жүйені пайдаланып, ғылыми жұмысты/ғылыми зерттеуді плагиатқа тексерудің нәтижелері.

2.4. Өтініш берушілер берілетін мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығына жауапты болады.

3. Әдеп комиссиясы қызметін ұйымдастыру

3.1. Әдеп комиссиясының отырысы өтініштің келіп түсуіне қарай өткізіледі. Отырыс басталғанға дейін 5 күн бұрын әдеп комиссиясының әрбір мүшесіне өтініш берушінің құжаттары 2.3-тармақта көрсетілген тізімге сәйкес PDF

	Казтұтынуодағы Қарағанды университетінің Әдеп комиссиясы туралы Ереже	Нұсқа 2 2021 ж.
	КҚЭУ - Е - 05 - 2021	Стр 3 из 3

форматында электрондық поштаға жіберіледі. Комиссия мүшелері келін түскен материалдарды зерделейді, эмпирикалық зерттеудің мазмұндық және әдіснамалық аспектілерін бағалайды, содан кейін отырыс барысында ғылыми зерттеудің әдеп нормаларына сәйкестігіне қатысты өз түсініктемелерін айтады.

3.2. Әдеп комиссиясының отырысын Әдеп комиссиясының төрағасы жүргізеді. Төраға болмаған кезде Әдеп комиссиясының отырысын Әдеп комиссиясы төрағасының орынбасары жүргізеді.

3.3. Төраға, төрағаның орынбасары біруақытта болмаған жағдайларда Әдеп комиссиясының отырысы өткізілмейді.

3.4. Әдеп комиссиясының отырыстары, егер оларға келу парағына сәйкес жалпы құрамның кемінде 2/3 қатысса, заңды деп есептеледі. Әдеп комиссиясының мүшелері отырыстарға жеке өзі қатысады.

3.5. Қаралатын мәселе бойынша шешім отырысқа қатысып отырған Әдеп комиссиясы мүшелерінің көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Егер докторанттың/докторанттың ғылыми кеңесшісі, ғылыми зерттеу жетекшісі немесе ғылыми мақаланың/шолудың авторы әдеп комиссиясының мүшесі болса, ол дауыс беруге қатыспайды.

3.6. Әдеп комиссиясының отырысы өтініш берушіні (докторантты/докторантураны бітірушіні), оның ғылыми консультантын (қажет болған кезде) міндетті шақырта отырып өткізіледі. Өтініш беруші Әдеп комиссиясының отырысына келмеген жағдайда жұмысты қарау келесі отырысқа қалдырылады.

3.7. Әдеп комиссиясының хатшысы Әдеп комиссиясы отырыстарын дайындауды, өткізуді, қорытындылары мен хаттамаларын ресімдеуді қамтамасыз етеді.

3.7. Комиссия хатшысы Әдеп комиссиясы мүшелерінің айтылған түсіндірмелері мен дауыс беру нәтижелері негізінде әдеп нормаларына сәйкестігі туралы қорытынды дайындайды. Докторанттар/докторантура түлектері үшін Әдеп комиссиясы қорытындысының нысаны 2-қосымшада келтірілген. Ғылыми мақалалар/шолулар және басқа да ғылыми-зерттеу жұмыстарының авторлары үшін Әдеп комиссиясы қорытындысының нысаны 3-қосымшада келтірілген. Әдеп комиссиясының қорытындысы қазақ немесе орыс тілдерінде (ғылыми зерттеуді жазу тіліне байланысты) жасалады. Қорытындыға Әдеп комиссиясының төрағасы мен хатшысы қол қояды.

3.8. Әдеп комиссиясының қол қойылған қорытындысы Әдеп комиссиясы отырысынан кейін 5(бес) жұмыс күні ішінде:

1) Диссертациялық кеңеске жіберіледі, онда докторлық диссертацияны қорғау жүргізілетін болады;

2) мақалаларды/шолуларды және басқа да ғылыми жұмыстарды жариялау үшін халықаралық рецензияланатын ғылыми журналардың редакциясына беру үшін өтініш берушіге беріледі.

	Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің Әдеп комиссиясы туралы Ереже	Нұсқа 2 2021 ж.
	ҚКЭУ - Е - 05 - 2021	Стр 3 из 3

3.9. Өтінішті қарау мен қорытынды дайындаудың жалпы мерзімі өтініш берушіден өтініш және басқа да қажетті құжаттар алған кезден 15 жұмыс күнінен аспайды.


3.10. Комиссия зерттеулердің нәтижелерін таратпауға және жарияламауға, сондай-ақ өтініштерді уақтылы қарауға және Әдеп комиссиясының қорытындыларын дайындауға жауапты болады.


ӘЗІРЛЕУШІЛЕР:


Ғылыми-зерттеу және
интеграциялық қызмет жөніндегі проректор,
э.ғ.д., профессор
 Г.Е. Накипова

ЖООКББД директоры, э.ғ.к., доцент
 О.А.Тян

КЕЛІСІЛДІ:

Сапаны қамтамасыз ету және
аккредитация жөніндегі орталық директоры,
э.ғ.к., доцент
 Д.Г.Кудикенова

ҚБД директоры
 Ю.Н.Еремин



Нұсқа 2
2021 ж.

ККЭУ - Е - 05 - 2021

Стр 3 из 3

лауазымы

T.A.Θ.

күні⁸

ҚОЛЫ.

[illegible]

	Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің Әдеп комиссиясы туралы Ереже	Нұсқа 2 2021 ж.
	КҚЭУ - Е - 05 - 2021	Стр 3 из 3

1-қосымша

*Қорытынды алу үшін
Қазтұтынуодағы ҚарУ-нің Әдеп комиссиясына өтініштің үлгісі*

Қазтұтынуодағы ҚарУ-нің Әдеп
комиссиясының төрағасы э.ғ.д.,
профессор Г.Е.Накиповаға

(Т.А.Ә.)

(ББ,курс немесе лауазымы, кафедра)

Тел.

Эл. пошта мекен-жайы

Өтініш

Сізден «_____» тақырыбына
диссертациялық зерттеу/ғылыми жұмыс бойынша құжаттар пакетіне әдеп
сараптамасын жүргізу туралы мәселені қарауды сұраймын.

Құжаттар қоса берілген.

(қолы)

(күні)

	Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің Әдеп комиссиясы туралы Ереже	Нұсқа 2 2021 ж.
	КҚЭУ - Е - 05 - 2021	Стр 3 из 3

2-қосымша

Қазтұтынуодағы ҚарУ-нің Әдеп комиссиясының қорытындысы

1. Докторанттын Т.А.Ә.	
2. Докторантура мамандығы (білім беру бағдарламасы)	
3. Докторантурада оқу кезеңі	
4. Диссертация тақырыбы, бекіту күні	
5. Ғылыми консультанттар туралы деректер - Т.А.Ә. (оның бар болуы кезінде), лауазымы және жұмыс орны, ғылыми дәрежесі, азаматтығы	
6. Зерттеу объектілері	
7. Ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу және жүргізу процесіндегі бұзушылықтар	Бұзушылықтар анықталды немесе анықталмады. Егер бұзушылықтар анықталса, оларды көрсету қажет.
8. Ғылыми зерттеулердің нәтижелерін тарату процесіндегі бұзушылықтар	Бұзушылықтар анықталды немесе анықталмады. Егер бұзушылықтар анықталса, оларды көрсету қажет.
9. Зерттеу объектілерінің (тірі табиғат объектілері мен мекендеу ортасы болған жағдайда) құқықтарын, қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қорғау қалай жүргізілді?	

Әдеп комиссиясының төрағасы _____
(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (оның бар болуы кезінде))

Әдеп комиссиясының хатшысы _____
(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (оның бар болуы кезінде))

	Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің Әдеп комиссиясы туралы Ереже	Нұсқа 2 2021 ж.
	КҚЭУ - Е - 05 - 2021	Стр 3 из 3

3-қосымша

Қазтұтынуодағы ҚарУ-нің Әдеп комиссиясының қорытындысы

1. Автордың Т.А.Ә.	
2. Ғылыми мақаланың/шолудың (ғылыми-зерттеу жобасының) атауы	
3. Зерттеу объектілері	
4. Ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу және жүргізу процесіндегі бұзушылықтар	Бұзушылықтар анықталды немесе анықталмады. Егер бұзушылықтар анықталса, оларды көрсету қажет.
5. Ғылыми-зерттеулердің нәтижелерін тарату процесіндегі бұзушылықтар	Бұзушылықтар анықталды немесе анықталмады. Егер бұзушылықтар анықталса, оларды көрсету қажет.
6. Зерттеу объектілерінің (тірі табиғат объектілері мен мекендеу ортасы болған жағдайда) құқықтарын, қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қорғау қалай жүргізілді?	

Әдеп комиссиясының төрағасы _____
(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (оның болуы кезінде))

Әдеп комиссиясының хатшысы _____
(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (оның бар болуы кезінде))